



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2021 жылдың 09 наурызы

KASE OK авторепо операцияларының мерзімін 90 күнге дейін ұзартты

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай – Биржа, KASE) автоматты әдіспен жүзеге асырылатын репо операцияларының мерзімін 30 күннен 90 күнге дейін ұзартқаны туралы хабарлайды.

Бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен қызметті жүзеге асыру ережесіне тиісті өзгертулер бағалы қағаздар кепілдігімен неғұрлым ұзақ мерзімге қаржы тарту үшін құралдардың болуын қамтамасыз ету мақсатында қабылданды.

2021 жылдың 09 наурызында қор нарығының ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде Орталық контрагентпен (OK) мерзімі 90 күнге дейінгі мемлекеттік бағалы қағаздар себеті (МБҚ) және мемлекеттік қатысу үлесімен эмитенттердің бағалы қағаздарымен (МҚБҚ) репо операцияларын жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болды.

Аталмыш бастаманы жүзеге асыру биржалық нарықтың құралдарының желісін одан әрі кеңейтуге және қаржы нарығының субъектілерінің өтімділігін тиімді басқару үшін инфрақұрылымды қамтамасыз етуге ықпал етеді.

МБҚ және МҚБҚ қоржынымен репо операциялары мәмілелері бойынша қамтамасыз ету ретінде жартылай қамтамасыз етумен мәмілелер бойынша (Т+ қамтамасыз ету тізімі) міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде ескерілген, қаржы құралдарының тізіміне кіретін қаржы құралдары, сондай-ақ ақша (теңге және АҚШ доллары).

Операциялар нарығындағы сауда-саттық барысы бойынша Биржаның сайтында www.kase.kz қадағалауға болады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz